


И. П. Федотовтың “Твердая поступь Экибастуза” кітабынан

/Басы газеттің өткен сандарында/

“Ертіскөмір” тресінің ұжымы Қазсов-проф және ҚазССР Министрлер Кеңесінің Қызыл туымен марапатталды.



Жұмағали. “Батыр кеніші”, 2004 ж.

Маусым. Қалада 60 орындық перзентхананың типтік ғимараты пайдалануға берілді.

125 балаға арналған балабақша ашылды.

Қыркүйек. “Ертіскөмірқұрылыс” тресінің №2 құрылыс басқармасы “Павлодарқұрылыс” басқармасына берілді.

№3 Ертіс көмір кенішінің құрылыс жұмыстары қайтадан жүргізілді.

Желтоқсан. Жылына 3 млн. тонна көмір өндіретін №2 Ертіс көмір кеніші пайдалануға берілді.

Мартыненко- Солтүстік кен аршу кенішінің экскаватор машинисі, С. Шишлов- трестің бас механигі.

Қазан. Целинный өлкелік атқару комитеті “Екібастұз қалалық атқару комитетіне құрылысшылар мен кеншілерге көрсетілетін мәдени-тұрмыстық қызметті жақсарту және қаланы көріктендіру және коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарындағы жұмыс жөнінен көмек беру” мәселелерін қарады.

кеніш-құрылыс басқармасы ашылды.

Қалада алғашқы бес қабаттық тұрғын үй салынды.

“Ертіскөмір” тресінде алғашқы электровоздар пайдалануға берілді.

Тамыз. Басорталыққұрылыстың “Шахтинскжилстрой” тресіне Екібастұздағы ірі панельдік үйлер құрылысын жүргізу жүктелді.

Орта мектеп-интернат сегізжылдық мектеп болып қайта құрылды.

Н. Н. Бережинский “Шахтер данқы” орденінің қаладағы алғашқы толық кавалері атанды.

Желтоқсан. “Ертіскөмір” тресінде №3 Ертіс көмір кенішінің 2-ші кезегі пайдалануға берілді.

1965 жыл.

Ақпан. Қазақстан Коммунистік партиясы қалалық комитетінің бюросы “Екібастұз қаласының құрылыс және өнеркәсіптік ұйымдарында механизатор кадрларды даярлау” мәселесін қарады.

Сәуір. Неке тіркеу салтанатының рәсімі


электр техникасы жабдықтары зауытының инженері, М. Ион- “Лаухаммерверке” машина зауытының инженері. КСРО мен ГДР арасындағы ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша “Такраф” халықтық кәсіпорындар бірлестігіне роторлық экскаваторларды жобалау мен дайындау тапсырылғандықтан, олар бұл жердің тау-кен-геологиялық және табиғи жағдайларымен танысуға тиіс болатын.

ҚазССР халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі жөніндегі республикалық кеңес “Ертіскөмір” тресін өндірістік табыстары үшін Дипломмен марапаттады.

Наурыз. 12 жұмысшы орны бар өнеркәсіптік тауарлар дүкені және дәріхана пайдалануға берілді.

“Ертіскөмір” тресінің Екібастұз автобазасы Сарань автотресінің қарамағына өтті.

20 жұмыс орны бар “Горняк” азық-түлік дүкені ашылды.



Жұмағали. “Екібастұз МАЭС-1”, 2004 ж.

Павлодар маңындағы Ертіс арқылы өтетін автожол көпірінің құрылысы аяқталды.

Қараша. “Ертіскөмірқұрылыс” тресі жылына 150 мың тонна құм шығаратын Қарасор құм карьерінің құрылысын аяқтады.

Желтоқсан. 250 оқушыға арналған №47 қалалық кәсіптік техникалық училище ашылды.

1963 жыл.

Ақпан. Теміржол вокзалында 7-ші қалалық байланыс бөлімшесі ашылды.

Тамыз. “Ертіскөмір” тресі кеніштерінде алғашқы сегіз текшелік экскаваторлар пайда болды.

“Ертіскөмір” тресінде қаладағы алғашқы 1100 нөмірлі телефон станциясы пайдалануға берілді.

Ф. Микрослоев пен М. Евстигнеев басқаратын №1 көмір кенішінің экскаваторлар бригадасы Екібастұздағы бірінші “миллионшылар” атанды.

920 оқушыға арналған №1 орта мектеп пайдалануға берілді.

1962 жыл.

Сәуір. “Ертіскөмір” тресінің құрамында №2 кен аршу кеніші құрылды.

Қалалық партия-шаруашылық активінің жиналысы өтіп, онда көпшілікке келешек ұрпаққа коммунистік тәрбие беру қозғалысына қосылу жөнінде үндеу тасталды.

Екібастұз қалалық еңбекші депутаттар кеңесінің атқару комитеті мектептер мен қалалық скверлерге атаулар берді.

Мектеп-интернат А. Макаренконың есімімен, №5 мектеп Павлик Морозовтың атымен аталса, №1 мектепке Ю. Гагарин есімі берілді. Ал қалалық скверді В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық пионер ұйымының 40 жылдығы атындағы сквер деп атау шешілді.

Тамыз. Екібастұз кеншілеріне алғаш рет “Қаз ССР-інің еңбек сіңірген шахтеры” құрметті атағы берілді.

Құрметті атаққа ие болғандар: М. Возный- Оңтүстік кен аршу кенішінің экскаватор машинисі П. Жовнер- №1

ды.

Бір ауысымда 120 адамды қабылдайтын жаңа емхана жұмысқа кірісті.

Қыркүйек. Қалада Павлодар индустриалдық институтының жалпы техникалық факультеті ашылды.

Қараша. Көптаралымды “Угольный Экибастуз” газетінің бірінші нөмірі жарыққа шықты.

Желтоқсан. “Юность” кинотеатры пайдалануға берілді.

№1 Ертіс көмір кенішіне қаладағы алғашқы “Коммунистік еңбек кәсіпорны” атағы берілді.

Алғашқы 500 пәтер газбен қамтамасыз етілді.

1964 жыл.

Қаңтар. Целинный совнархозының Екібастұз автобазасы “Ертіскөмір” тресінің құрамына өтті.

Қазақстан Компартиясының ОК-і Президиумы “Ертіс-Қарағанды” арнасының құрылысын күшейту” мәселесін қарады.

КСРО халық шаруашылығы жоғарғы кеңесі №5/6 Ертіс көмір кенішінің жылына 50 млн. тонна көмір өндіру қуатына жасаған жобалық тапсырмасын бекітті.

Маусым. 200 орындық асхана құрылысы аяқталды. Достық паркінің ауданында орналасқан екі қабатты ғимаратта “Весна” мейрамханасы да орналасты.

Шілде. Екібастұзға салынып жатқан құрылыс

бекітілді.

Шілде. СЭ-3 экскаваторының машинисі И. Ефанов №5/6 кеніш құрылысынан кеннің алғашқы қалағын алды.

Тамыз. Кешкі тау-кен-құрылыс техникумы Екібастұз тау-кен құрылыс техникумы болып құрылды.

Жаңа тұрмыстық комбинат тұрақты пайдалануға берілді.

Қыркүйек. 960 орындық жаңа №3 орта мектепте сабақтар басталды.

Екібастұз қалалық атқару комитетінде коммуналдық шаруашылық бөлімі құрылды.

Қараша. Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің “Екібастұз кен орнында көмір өндіруді әрі қарай дамыту шаралары жөніндегі” қаулысы шықты.

Екібастұзға Ертіс-Қалқаман арнасы және Қалқаман-Екібастұз су құбыры арқылы Ертістің суы келді.

Жаңа дүкен-дәмхананың ғимараты пайдалануға берілді.

Ол Горняк көшесіндегі екі қабатты жарық үйде орналасты. Бірінші қабатында 80 орындық “Лакомка” дәмханасы, екінші қабатта 12 жұмыс орны бар өнеркәсіптік тауарлар дүкені жұмыс істеді.

1966 жыл.

Қаңтар. Екібастұзға неміс тау-кен машина құрылысының мамандары келді.

Екібастұздың соғыстан соңғы тарихында ал-

180 орындық асхана алғашқы тұтынушыларын қабылдады.

Ол Строительный көшесі, 34-үйде орналасқан бес қабатты ғимараттың алғашқы қабатында орналасты.

Мамыр. “Ертіскөмір” тресі Еңбек Қызыл Ту орденіне ие болды.

Қыркүйек. “Ертіскөмір” тресінде ЭРГ-400Д роторлық экскаваторының алғашқы үлгісін тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану басталды.

Қаз ССР Министрлер Кеңесінің Екібастұз қаласының бас жоспарын бекіту жөніндегі қаулысы қабылданды.

Қараша. Кеншілер мәдениет сарайының алаңында салтанатты түрде В. И. Ленин ескерткіші ашылды.

Желтоқсан. №1 көмір кенішінде тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануға көмірді ұсатқыш технологиялық кешен берілді.

1967 жыл.

Сәуір. Алғаш рет 16 жасқа толған жасөспірімдерге төлқұжат табыстау рәсімі өтті.

Мамыр. Екібастұзға Поляк Халық Республикасының министрі Ян Митренга бастаған польшалық делегация келді.

“Астра” өнеркәсіптік тауарлар дүкені пайдалануға берілді.

Екібастұздың қысқаша шежіресі

**И. П. Федотовтың
“Твердая поступь
Экибастуза” кітабынан**

**Басы газеттің өткен
сандарында**

1967 жыл.

“Ертіскөмір” тресінде РЭ-2 роторлық экскаваторын өнеркәсіптік сынақтан өткізу басталды.

Желтоқсан. Облыстық кәсіптік техникалық білім басқармасының №163 қалалық кәсіптік-техникалық училищесі ашылды.

Ертіс-Қарағанды арнасының Екібастұзға дейінгі алғашқы кезегі пайдалануға қабылданды.

1968 жыл.

Қаңтар. Жылына 2 млн. тонна өндіретін №№1, 2, 3 қайта жарақталған Ертіс кеніштерінің 1-ші кезегі пайдалануға қабылданды.

“Ертіскөмір” тресінің құрамында №2 Ертіс көмір кеніші құрылды.

Наурыз. Екібастұз теміржол станциясына “Донбасс” типті вагондарды өңдеу жөніндегі механизацияланған кешен енгізілді.

Мәскеуде Екібастұзға роторлы техника жеткізуге ГДР-мен алғашқы келісімшарттарға қол қойылды.

Тамыз. “Ертіскөмір” тресінде 100 орындық жалпы емдеу профилакторийі ашылды.

Қаз ССР Министрлер Кеңесі “Екібастұз көмір кеніштері құрылысын жүргізу барысы және Екібастұз еңбеккерлерінің тұрмыстық жағдайын жақсарту туралы” мәселені қарады.

Қыркүйек. Целиноград-Екібастұз-Павлодар учаскесінде екінші теміржол желілерінің құрылысы басталды.

№7 мектепте бірінші сабақтар басталды.

Қараша. Қалалық аурухананың физиотерапиялық бөлімшесі жұмыс істей бастады.

Қалалық аурухананың неврологиялық және пульмонологиялық Бөлімшелерінің үш кабатты ғимараты іске қосылды.

Желтоқсан. Жылына 1 млн. руб. жөндеу жұмыстарын жүргізетін қуаты бар тау-кен көлігі жабдықтарын жөндеу зауытының (РГТО) бірінші кезегі пайдалануға берілді.

“Ертіскөмірқұрылыс” тресінің құрамында өндірістік-технологиялық кешендеу Басқармасы (УПТК) құрылды.

1969 жыл.

Қаңтар. “Екібастұз-2” теміржол торабы іске қосылды.

Сәуір. “Ертіскөмір” тресіндегі орталық электр-механикалық шеберханалар РГТО зауыты болып құрылды.

Маусым. Екібастұздағы инженерлік-техникалық қызметкерлердің ішінен алғашқылардың бірі болып К. Раздыков кандидаттық диссертация қорғады.

Шілде. “Ертіскөмір” тресінің құрамында мамандандырылған жөндеу-құрылыс басқармасы (СпецРемСУ) құрылды.

Тамыз. “Ертіскөмір” тресінде жаңа үлгідегі РЭ-2Ц роторлы экскаваторын тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтан өткізу басталды.

“Ертіскөмір” тресінде ЭРГ-400 ДЦ роторлы экскаваторын өнеркәсіптік сынақтан өткізу басталды.

Қыркүйек. “Ертіскөмір” ГДР-да шығарылған СР(К)-470 роторлы экскаваторын өнеркәсіптік сынақтан өткізу басталды.

Оңтүстік кенішінде еліміздегі бірінші ЭКГ-12,5 экскаваторын өнеркәсіптік сынақтан өткізу басталды.

“Горняк” алғашқы әуесқой бағбандар қоғамдастығы ұйымдастырылды.

Желтоқсан. Қалалық аурухананың стоматологиялық бөлімшесі жұмысқа кірісті.

Шаруашылық-мәдени және спорттық тауарлар сататын “Қайрат” дүкені алғашқы тұтынушыларына қызмет көрсетті.

1970 жыл.

Наурыз. “Ертіскөмір” тресінің №1 көмір кеніші ВЦСПС және КСРО Министрлер Кеңесінің димломымен марапатталды.

Сәуір. Оқу үздіктерінің қалалық слеті өтті.

Тамыз. Роторлы экскаватор машинисі В. Егоров №5/6 кеніштердегі МПС вагондарына көмірдің алғашқы партиясын тиеді.

Қараша. “Ертіскөмірқұрылыс” тресі спорт ғимаратының құрылысын аяқтады.

Желтоқсан. “Екібастұз-көмір” комбинатының директорлар Кеңесі бекітілді.

“Екібастұзкөмір” комбинатында Ертіс кеніштерінің №№1, 2, 3 алаңдарындағы қайта жарақтау жұмыстары аяқталды.



1971 жыл.

Наурыз. “Ертіскөмірқұрылыс” тресіндегі РСУ-2, РСУ-6 басқармалары РСУ-6 деген атпен бір бірлестікке бірікті.

Маусым. “Екібастұзкөмір” комбинатының партия комитеті құрылды.

Шілде. “Екібастұз қаласының құрметті азаматы” атағы бекітілді.

Қазақстан Компартиясы Екібастұз қалалық комитетінің және қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесінің атқару комитеті бюросында қаланың құрметті азаматы атағын беру Ережесі бекітілді. Онда құрметті атақ жалпы еңбек өтілі 25 жылдан кем болмайтын және қаладағы бір ұжымда (жүіеде) 20 жылдан кем жұмыс істемеген адамға бесжылдықтар нәтижесінде, мерейтойлар немесе басқа да айтулы оқиғаларға байланысты берілетіні айтылған.

Қыркүйек. “Екібастұз қаласының гербі” бекітілді.

Қазан. Екібастұздың алғашқы құрметті азаматтарының құрметіне арналған қалалық салтанатты жиын өтті.

Екібастұздың алғашқы құрметті азаматтары: С. И. Царев- Екібастұз көмір кенішінің бірінші большевиктік комиссары, Ж. Омашев- Екібастұздың бірінші комсомолдарының бірі, М. Ф. Возный- экскаватор машинисі, Социалистік Еңбек Ері. Кеншілердің мәдениет сарайында Ж. Омашев пен М. Возныйға қаланың құрметті азаматтарына тағылатын алқызыл лента байланды.

Екібастұз ардагерлерінің алғашқы слеті өтті.

Ертіс көмір кеніштері жаңа атауға ие болды.

№1 Ертіс көмір кеніші- “Центральный” кеніші, №2 кеніш- “Западный” кеніші, Солтүстік аршу кеніші- “Солтүстік” кеніші, Южный аршу кеніші “Южный” кеніші болып өзгерді.

Желтоқсан. Екібастұз сыра зауыты іске қосылды.

Әзірлеген: Ж. Қадырова